

/// ПРЕЗИДЕНТ

КОНСТИТУЦИАЛЫҚ КОМИССИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша бұған дейін атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова халық қарауына ұсынылған жаңа Ата Заң жобасы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, eGov және e-Otinish порталына жұртшылық тарапынан келіп түскен ой-пікірлер саны 4 мыңнан асқан. Азаматтар жобаны бүгінгі талап-тілектер мен қоғам мүддесіне сай келеді деп таниды. Саяси партиялар, республикалық және өңірлік қоғамдық ұйымдар жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

Президент Конституциялық комиссия жұмысы ашық форматта жалғаса беруге тиіс екенін атап өтті. Бұл азаматтардың талқылау барысынан хабардар болып, жоба мазмұнымен егжей-тегжейлі танысуына мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев сарапшылар мен қоғам өкілдері жолдаған ұсыныстардың барлығын жіті талдауды тапсырды.

Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасының жекелеген баптары мен тармақтарын редакциялап жатқанын айтты. Комиссияның кезекті отырыстары 7 ақпанда және келесі аптада өтеді.

/// КОНСТИТУЦИАЛЫҚ РЕФОРМА

ӘРБІР НОРМА АНЫҚ, ТҮСІНІКТІ БОЛУЫ КЕРЕК

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның сегізінші отырысы өтіп, онда ҚР Бас прокурорының орынбасары Жандос Өмірәлиев жаңа Конституция жобасындағы 18-бапты орыс тілінде нақтылай түсуді ұсынды. Конституцияның әрбір нормасы анық, түсінікті болуы керектігін, комиссияның орасан зор жұмыс атқарып жатқанын ерекше атап өтті.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жаңа Конституцияның мәтіні аударма еместігіне тоқталды.

– Жаңа Конституция жобасының мемлекеттік тілдегі нұсқасы – бұл аударма емес. Қолдарыңыздағы қазіргі жоба – о бастан мемлекеттік тілдің

мүддесі тұрғысынан жазылған жоба. Екіұшты мәселелер туындаған кезде әуелі қазақ тіліндегі нұсқа назарға алынып отыр, – деді.

Сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші жаңа Конституцияның жобасында ескірген, мағынасы өзгерген сөздер қайта қаралғанын айтты.

Е.Бөкетоватындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков жаңа Конституцияда жоғары білімге қол жеткізудің қағидаттары нақты жазылу керек деген ұсынысын жеткізді. Сонымен бірге білім орындарын діни идеологиядан ажырату не үшін керек болғанын, білім беру жүйесі үшін мұның іргелі мәні бар екенін айтты.

– Университеттер мен мектептер ғылымның, білімнің және әріне, академиялық еркіндіктің кеңістігі болып қалу керек. Мұндай тәсіл студенттерді қорғайды, бейтарап білім ортасына сактайды және идеологиялық қысымның катерін төмендетеді, – деді ғалым.

Кезекті отырыста Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров Конституцияда «Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге» деп нақты бекіту бастамасын көтерді. М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ басқарма төрағасы, Конституциялық комиссия мүшесі Талғат Нәрікбаев комиссияның Ата Заңның қазақ тіліндегі мәтінін жетілдіру бағытында атқарған жұмыстарына тоқталды.

Конституциялық комиссия төрағасы Эльвира Әзімова Ата Заңның жаңа редакциясы туралы азаматтардан түскен ұсыныстардың тағдыры не болғанын жиынтық кесте арқылы халыққа жеткізуді тапсырды.

Еске салсақ, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Конституциялық комиссияның мүшесі ретінде комиссия отырыстарына, жекелеген жұмыс секцияларындағы талқылауларға қатысауда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

САЛЫҚ ШЕГЕРІМІ ЖАЛАҚЫҒА ҚАЛАЙ ӨСЕР ЕТТІ?

Кейінгі жылдары Салық кодексін жетілдіру бағытында бірқатар маңызды өзгеріс енгізіліп келеді. Ондағы мақсат – салық жүйесін әділ ету, көлеңкелі экономиканы азайту және азаматтардың нақты табысын арттыру. Әсіресе жалақыға салынатын салықтар мен әлеуметтік төлемдерге қатысты жаңашылдықтар қоғам тарапынан үлкен қолдауға ие болғандай. Расын айту керек, бір айлыққа қарап отырғандар үшін бұл жақсы жаңалық болды.

Жалақыдан ұсталатын салық қалай жеңілдеді? Бұл туралы біз облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елемановтан сұраған едік. Оның айтуынша, жалақы есептегенде белгілі бір мөлшерде салық салынбайтын сома қарастырылады, яғни айлықтың бір бөлігіне салық салынбайды.

– Жаңа Салық кодексінде жалақыдан ұсталатын салық шегерімінің мөлшері едәуір ұлғайтылды. Салық шегерімі деген – салық салынатын базаны азайту. Соның арқасында жеке тұлғалардың кірістерінен ұсталатын табыс салығының (ЖТС) мөлшері азаяды. Бұл – өзінше бір жеңілдік немесе мемлекеттен көрсетілетін қолдаудың бір түрі, ол салықты аз төлеуге және сәйкесінше көбірек кіріс алуға мүмкіндік береді. Егер бұған дейін салық шегерімі 14 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) болса, быылдан бастап ол 30 АЕК-ке дейін өсті.

Жаңа Салық кодексі қолданысқа енгенге дейінгі ескі Салық кодексінде, яғни өткен жылы көпбалалы аналарға, ипотекалық сый-ақыларға, оқуға қатысты және мүгедектігі бар азаматтарға жеңілдік қарастырылған болатын. Жеңілдіктердің арқасында жалақыдан ұсталатын салық азайып, қызметкердің қолына тиетін қаражат көбейеді. Дегенмен, аталған жеңілдіктер алу бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес құжаттар жинақталуы керек және тиісті салық декларациясында шегерімге жатқызылған сома көрсетілуі керек. Ал енді мұның жұмыс берушілерге қандай пайдасы бар дегенге келер болсақ, Салық кодексіндегі өзгерістер тек жұмысшыға емес, жұмыс берушіге де қатысты болады.

/// ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ШЫН МҰҚТАЖДАРҒА БЕРІЛЕДІ

Өткен жыл әлеуметтік қорғау саласы үшін мазмұнды әрі нәтижелі кезең болды. Өңірде халықтың осал топтарын қолдауға, жұмыспен қамтуды арттыруға, еңбек қатынастарын реттеуге және инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс атқарылды. Ең бастысы, әлеуметтік көмектің шын мұқтаж жандарға жетуіне басымдық берілді. Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев БАҚ өкілдеріне арналған брифингте айтты.

Былтыр әлеуметтік салаға республикалық және жергілікті бюджет есебінен 29,8 млрд теңге бөлініп, қаржы 100 пайызға игерілген. Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 46560 адамды жұмыспен қамту жоспарланып, нақтысында 46603 адам жұмысқа орналастырылған. Оның 31928-і – тұрақты жұмыс орны.

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛШАНЫ ҚАУІПСІЗ ДЕМЕҢІЗ

Жыл сайын күз-қыс айларында елімізде түрлі жұқпалы инфекциялар өршітіні белгілі. Әсіресе, балалар арасында қызылша ауруы белең алады.

Қызылша – қызба, интоксикация, дақты-папулалы бөртпе, энантема, конъюнктивта және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамнан адамға ауа тамшыларымен жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғалды. Қызылшамен ауыратын адаммен қысқа уақыт қарым-қатынаста болса да, екпе алмаған адамдардың жұқтыру қаупі өте жоғары.

Жыл басынан бері қызылша ауруының зертханалық жолмен расталмаған, эпидемиологиялық байланысы бар 17 клиникалық жағдай есепке алынды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелері жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова және облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Шарипа Әлиева айтты.

Жалпы өңірде қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалы тұрақты деп бағалануда. Былтыр 339 жағдай тіркеліп, аурушандық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 39-ды құраған. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 4 есе төмен. Ауырғандардың 94-95 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар үлесінде, оның ішінде 82 пайызы – бір жасқа дейінгі нәрестелер, 71 пайызы қызылшаға қарсы екпе алмағандар болса, оның ішінде 46 пайызы – екпеден түбегейлі бас тартқандар. Оған өзіндік себептерді атаған, яғни діни көзқарасына, әлеуметтік желілердегі түрлі жалған ақпараттарға байланысты бас тартқандар. Науқастанғандар арасында қала тұрғындарының үлесі басым.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ШЫН МҰҚТАЖДАРҒА БЕРІЛЕДІ

– Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орны» тапсырмасы аясында 13512 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, жоспар 26,8 пайызға артығымен орындалды. Нәтижесінде өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,8%-дан 4,6%-ға төмендеп, республикалық көрсеткішпен теңесті. Жастар арасындағы жұмыссыздық 3,4 пайыз деңгейінде тұрақтады. «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 3 852 адам кәсіпкерлік негіздеріне бағытталса, 38 175 адам электронды еңбек биржасы арқылы онлайн оқудан өтті. Жыл ішінде 118 бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдас-тырылып, 2041 адам тұрақты, 1123 адам уақытша жұмысқа орналасты. Мүгедектігі бар азаматтар, пробация есебінде тұрған-дар және бас бостандығынан айыру орын-дарынан босатылған азаматтар үшін белгіленген квоталар толық орындалды, – деді басқарма басшысы.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында солтүстік өңірлерге 137 отбасы қоныс аударған. Оларға көшуге, тұрғын үйді жалдауға, коммуналдық қызметтерді өтеуге, кәсіптік оқытуға және тұрғын үй сатып алуға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Өткен жылдан бері тұрғын үйге арнал-



ған экономикалық мобильділік сертификатының құны 7 млн теңгеден асты.

Субсидияланатын жұмыс орындары мен гранттардың мақсатты жұмсалуына да жүйелі мониторинг жүргізіледі. Нәтижесінде 686 млн теңгеден астам қаржының мақсатсыз жұмсалуына жол берілмеген, заңбұзушылық анықталған қаражаттың едәуір бөлігі бюджетке қайтарылды. Бұл әлеуметтік саланың ашықтығы мен жауапкершілігін арттырды.

Мониторинг нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек алушы саны 6344 отбасынан 4468-ге дейін қысқарып, 2,8 млрд теңге шын мұқтаж отбасыларға

бағытталған. Тұрғын үй көмегіне 64,6 млн теңге бөлініп, толық игерілген.

Өңірде 34 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тіркелген. Өткен жылы оларды оңалтуға 7,9 млрд теңге бөлініп, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, 360 инфрақұрылым нысаны толық бейімделді, инватакси қызметі кеңейтілген.

Барлық қала, аудандарда ашылған Отбасын қолдау орталықтары арқылы мыңдаған азаматқа кешенді көмек көрсету жалғасып келеді. Үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандарына арнайы қызметтер көрсетеді.

Биыл 26234 жұмыс орнын құру жоспарланған. Сондай-ақ жұмыссыздық деңгейін 4,8%-дан асырмау, мүгедектігі бар азаматтарға арналған оңалту бағдарламаларын орындау, 360 нысанды бейімдеу, әлеуметтік көмекті тек шын мұқтаж жандарға бағыттау, әлеуметтік төлемдердің уақытылы төленуін қамтамасыз ету негізгі міндет болып қала бермек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛШАНЫ ҚАУІПСІЗ ДЕМЕҢІЗ



– Қызылша инфекциясының алдын алудың бірден-бір жолы – екпе. Екпе тегін салынады. Ауа тамшысы арқылы жұғатын болғандықтан, одан ешкім сақтандырылмаған. Тек екпе ғана тоқтатады. Сондықтан 1 желтоқсаннан бастап облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының екінші бөлімшесін ашып, сол жерде тек қызылшамен ауырған науқастарды емдеуге мүмкіндік жасалды. Онда балалар да, ересектер де емделеді, – деді Мая Миранбайқызы.

Қызылша ауруының облыс аумағында одан әрі таралуының алдын алу үшін санитариялық-эпидемиологиялық және профилактикалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, еліміздің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес, 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі балаларға ата-аналардың ақпараттандырылған келісімімен қосымша имундау жүргізілуде.

– Елімізде тұрғындарды вакцинациялау Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 21 инфек-

циялық ауруға қарсы тегін жүргізіледі. Былтыр облыс көлемінде 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпелермен қамту көрсеткіші 96,8 пайыз, яғни көрсеткіш оңтайлы деңгейде қамтылған. Дегенмен имундаудан бас тартушылар қатары да сиреп жатқан жоқ. Облыс бойынша жұқпалы ауруларға қарсы жоспарлы егулерден бас тартқандар саны 2024 жылмен салыстырғанда 18,7% жоғарылады. Оның ішінде қызылшаға қарсы вакцина алмағандардың 35,5 пайызы егу жасына жетпей (1 жасқа дейінгі балалар) екпемен қамтылмаған. Ал 46,5 пайызының ата-аналары екпеге қарсы, 17 пайызы – медициналық қарсы көрсетілмдерге байланысты егілмеген. Екпеден бас тарту ұжымдық имунитеттің әлсіреуіне еске-тінін ескерте отырып, вакцинацияның тиімділігі және бас тартқан жағдайдағы кері әсері туралы халық арасында түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Әр емханада екпеден бас тартқан ата-аналармен жеке жұмыс жүргізетін консультативті топтар тұрақты жұмыс жасайды. Нәтижесі де

жоқ емес, 19 ата-ана өз көзқарасын өзгертіп, балаларына екпе салдырды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша имундау жыл сайын 3 миллионға дейін өлім жағдайының алдын алуға мүмкіндік береді. Алайда кей тұрғындар тарапынан вакцинациялау мәселесіне салғырт қараудың салдары қызылша ауруының таралу қаупін арттырып отыр. Оған дәлел былтыр тіркелген 339 деректің 71,1 пайызы екпе алмағандар арасынан анықталды. Аурушандықтың салыстырмалы түрде өсу тенденциясы өткен жылдың маусым айынан басталды. Ауруға шалдыққандардың басым көпшілігі – 1-4 жас аралығындағы балалар, олардың үлесі 56 пайыз құрады. Өткен жылғы аурушандық деңгейі 2024 жылмен салыстырғанда 4,6 есе төмен. Бірақ бұл қауіп жоқ дегенді білдірмейді. Сондықтан сақтық шараларын әлсіретпеу маңызды, – дейді Әлия Мүтәліпқызы.

– Қазіргі кезде ауя райының бірде жылы, бірде суық болып құбылуына байланысты жұқпалы инфекциялық аурулар белең алуда. Бүгінде екінші бөлімшемізде 250 науқас стационарлық ем алуда, соның 80-і қызылшамен жатыр. Ауру белең алған алғашқы кезде балабақша, мектеп секілді ұжымдық қарым-қатынас болса, қазір отбасылық, яғни тұрмыстық қарым-қатынас бойынша жұқтыру жүріп жатыр, яғни, бір үйден бір бала ауырса одан екіншісіне, үшіншісіне жұғуда, – дейді Шарипа Жақсылыққызы.

Мамандар айтқандай, аурудан ең тиімді қорғану жолы – уақытылы екпе алу. Ол Ұлттық екпелер күнтізбесіне енгізілген, екпе тегін жүргізіледі.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. «Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы №680 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5697 болып тіркелген);

2. «Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы №680 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №887 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5988 болып тіркелген);

3. «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қарашадағы №271 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде №6543 болып тіркелген);

4. «Оқилдік шығындарға арналған қаражаттарды пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы №153 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7227 болып тіркелген);

5. «Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 164 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7939 болып тіркелген);

6. «Қызылорда облысы бойынша жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8

қарашадағы №400 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25067 болып тіркелген);

7. «Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 мамырдағы №83 қаулысы;

8. «Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №164 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қаңтардағы №7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8582-11 болып тіркелген).

Жаңа кодекстегі басты өзгерістердің бірі – банктік шоттарды автоматты түрде бұғаттаудан бас тарту. Бұған дейін кәсіпкердің салық берешегі 6 айлық есептік көрсеткіштен асса, барлық банк шоты бұғатталатын. Енді бұл шектеу жеңілдетіліп, 20 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды.

Егер салық қарызы болса, бұрынғы кодексте кешірек төлеуге мүмкіншілік болған. Бірақ ол үшін кепіл мен сома көрсету керек еді. Енді кепілсіз төлеуге мүмкіндік берілуде.

Банктік сектор мен ойын бизнесі үшін мөлшерлеме 25%-ға дейін, ал лизингпен айналысатын компаниялар үшін 10% болады. Білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы салалары үшін жеңілдетілген мөлшерлемелер енгізілді. Ол 5 және 10 пайыз аралығында болады. Сондай-ақ қосылған құн салығы да өзгерді.

Департамент басшысы орынбасарының айтуынша, енгізілген жаңалықтар салық жүйесін оңтайландыруға, әлеуметтік салаға қолдау көрсетуге және экономиканың ашықтығына бағытталған. Сонымен қатар әділ салық салу жүйесін қалыптастыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған кешенді құжат ретінде қабылданып отыр.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ

САЛЫҚ ШЕГЕРІМІ ЖАЛАҚЫҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

– Шағын кәсіпкерлер үшін кейбір әлеуметтік төлемдер жеңілдетіліп, арнайы салық режимдері сақталған. Ресми жалақы төленсе, қызметкердің зейнетақысы жиналады, әлеуметтік төлемдер уақытында беріледі, медициналық сақтандыру толық жүреді. Неге мемлекет жалақыны ашық төлеуді талап етеді? Себебі ресми көрсетілген жалақы – адамның болашағы. Егер айлық аз немесе мүлде көрсетілмесе, кейін зейнетақы да, медициналық сақтандыруға қатысты төлемдер де төмен болады. Сондықтан мемлекет салықты азайта отырып, жалақыны заңды түрде төлеуге ынталандырып отыр, – дейді Асқар Сейдекәрімұлы.

Иә, мемлекет тарапынан жалақыны ресми түрде көрсетуге ынталандыру күшейтілді. Өйткені ресми жалақы – болашақ зейнетақының, әлеуметтік төлемдердің және медициналық сақтандырудың негізі. Салық кодексіндегі өзгерістердің тағы бір маңызды қыры – әлеуметтік әділдік қағидатын арттыру дейді мамандар. Жоғары табыс табатын азаматтар мен төмен жалақы алатын қызметкерлерге бірдей талап қоюдан бас тартып, табыс деңгейіне қарай салық салу тетіктерін жетілдіру көзделуде. Бұл халықтың нақты табысын сақтауға және инфляциялық қысымды азайтуға бағытталған.

Жалпы алғанда, Салық кодексіндегі соңғы өзгерістер жалақыға түсетін салық жүктемесін біртіндеп жеңілдетуге, бизнесті қолдауға және азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыруға бағытталған. Алдағы уақытта бұл реформалар еңбек нарығының ашықтығын қамтамасыз етіп, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

Мемлекеттік кірістер департаментінің мамандары кәсіпкерлер қай жағдайда салық режимін өз бетінше таңдауы қажет екенін және қай кезде көшу автоматты түрде жүзеге асырылатыны туралы ашық есік күнін өткізіп, қоғамдық орындарда түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып жатыр. Халықтың қаржылық және салықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Халық бухгалтері» акциясы да тұрақты жүргізілуде. Онда қатысушыларға бухгалтерлік және салықтық есептілікті дайындау, тапсыру мәселелері бойынша кеңес беріледі. Акция аптасына үш рет ұйымдастырылады.

Жыл басынан күшіне енген жаңа кодексте арнайы салық режимдерінің саны үшке дейін қысқартылды. Олар – оңайлатылған декларация негізіндегі, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған, шаруа және фермер қожалықтарына арналған арнайы салық режимі. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануды жоспарлаған кәсіпкерлер 1 наурызға дейін қолданылатын салық режимін таңдау туралы хабарлама ұсынуы тиіс. Мерзімінде хабарлама берілмеген жағдайда салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде ауыстырылады. Хабарламаны бірнеше тәсілмен беруге болады. ИС ИСНА жүйесіндегі салық төлеушінің жеке кабинеті, e Salyq Business мобильді қосымшасы орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы, қазіргі таңда бұл сервис Kaspi Bank қосымшасында мемлекеттік қызметтер бөлімінде қолжетімді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған режимге келер болсақ, 1 наурыздан бастап салық органдары 2025 жылы патент негізіндегі арнайы салық режимін немесе арнайы мобильді қосымша арқылы қолданылған режимді пайдаланған жеке кәсіпкерлерді автоматты түрде есептен шығарады. Сонымен қатар, салық төлеушілер есептен шығу туралы өтінішті өз еркімен беру құқығын сақтайды. Егер кәсіпкер басқа салық режимін таңдағаны туралы хабарлама тапсырған болса, автоматты түрде есептен шығару жүргізілмейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы режимді қолдануды басталу күні e Salyq Business мобильді қосымшасында алғашқы чектің қалыптастырылған күні болып саналады.

Шаруа және фермер қожалықтарына арналған арнайы салық режиміне көшу де 1 наурызға дейін салық органдары тарапынан автоматты түрде жүзеге асырылады. Алайда салық төлеушіден қосымша хабарлама беруді талап етпейді.



Егер салық қарызы болса, бұрынғы кодексте кешірек төлеуге мүмкіншілік болған. Бірақ ол үшін кепіл мен сома көрсету керек еді. Енді кепілсіз төлеуге мүмкіндік берілуде.

Банктік сектор мен ойын бизнесі үшін мөлшерлеме 25%-ға дейін, ал лизингпен айналысатын компаниялар үшін 10% болады. Білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы салалары үшін жеңілдетілген мөлшерлемелер енгізілді. Ол 5 және 10 пайыз аралығында болады. Сондай-ақ қосылған құн салығы да өзгерді.

Департамент басшысы орынбасарының айтуынша, енгізілген жаңалықтар салық жүйесін оңтайландыруға, әлеуметтік салаға қолдау көрсетуге және экономиканың ашықтығына бағытталған. Сонымен қатар әділ салық салу жүйесін қалыптастыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған кешенді құжат ретінде қабылданып отыр.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ ТАМАҚТАНДЫРУҒА КЕТЕТІН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАРАШАДАҒЫ №190 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарында және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындарды өтеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 3 қарашадағы №190 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қызылорда облысының мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік

мектепке дейінгі ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің мынадай санаттарына тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен толығымен өтелеін:

1) жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) мүгедектігі бар балалардың, дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар;

3) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалардың, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар;

4) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы

/// ТАҒЫМ

АЛТЫ АЛАШТЫҢ ардақтысы еді

Жүйтікген жүйріктей, аққан жұлдыздай зымырап өтіп жатқан өмір-ай, десейші... Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген марқұм, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаев болатын. Оның қашанда қарапайым қалпынан айнымайтын адами қасиетін, жаратылысындағы кісілік пен кішілік болмысын көргенде марқайып қалатынбыз. Жайсаң жандарды жақын тартып, жалғандықтан бойын әркез аулақ ұстап, тек елім, халқым деп жүріп еңбек еткенін көргенде ет жүрегіміздің елжіреп сала беретіні тағы бар.

Шынымды айтар болсам, 70 жастың биігіне шығып, өмірден көргендерім мен көңілге түйген жүрек жазбаларымды ақ қағаз бетіне түсірер сәтте ойыма Бердібек Машбекұлы еріксіз орала береді. Айтайын.

Адамды бірден жете тану қиын. Алғашқы әсер қашанда алдамшы келеді. Сондықтан бір ойшылдың «Өзгеге де сенбе, өзіне де сенбе, істеген ісіне сен» деген қағидасына сүйенген жөн секілді. Айтса айтқандай, Бекеннің елі үшін сіңірген еңбегі мен істеген ісі ойға оралғанда, оның әрбір мәселені шешердегі сабырлығы, тұрасын кесіп айтар нақтылығы, кімге болса да қайырымдылығын көрсетер қамқорлығы көпке үлгі. Бүгінде асыл азаматтың орны ойсырап қалды.

Менің пайымдауымша, Бердібек Машбекұлын Қазақстанда білмейтін адам жоқ. Бекен отка салса күймейтін, суға салса батпайтын күйде жүріп, Тәуелсіз еліміздің іргетасын қалауға орасан зор үлес қосты. Бекен – еліміз егемендігін жариялап, туын тұғырға қондырғаннан кейінгі саяси сахнаға шыққан ұлттық кадрлардың бірі ғана емес, бірегейі. Ол қай өңірге де сол жердің әл-ауқаты мен қордаланған түйінді мәселелерін шешуге, үзілген үміттерін жалғауға барды. Бекен – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарының әкімі болған жалғыз ғана тұлға. Осы аймақтардың әкімі болған кезде аянбай еңбек етіп, соның бәріне абыроймен барып, халықтың зор құрметіне бөленді. Сондай-ақ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, ҚР Премьер-министрінің орынбасары қызметтерін де жоғары жауапкершілікпен атқарды.

Қазақша кестелесек, жарты Қазақстанды басқарған Бердібек Машбекұлының осы жылдар ішінде елімізге қанша инвестиция тартылуына, қанша өндірістік және әлеуметтік нысандардың бой көтеріуіне, алыстағы ондаған ауылға «көгілдір отынның» жеткізілуіне, мыңдаған шақырым жолдың салынуына бастамашы болғанын, қандай ірі жобалар, идеялар мен бағдарламаларды іске асырғанын тізіп жазу әсте мүмкін емес.

2024 жылдың ақпанында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Бердібек Сапарбаев туралы «Ерен де берен Бердібек» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Тағылымды шарда Президенттің сол кездегі ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Дальтонқызы Закария сөз сөйледі. Бүкіл әлемді пандемия жайлаған күрделі кезеңде Бердібек Машбекұлы Жамбыл облысының әкімі ретінде Мемлекет басшысының бастамасымен Отарда отандық вакцина шығаратын ТМД-да теңдесі жоқ биофарм зауытының құрылысын қолға алып, дер кезінде іске қосылуына үлкен қолдау көрсеткенін ерекше атап өткен еді.

Ендігі кезекте Бекеннің өзінің туған топырағы – Сыр еліне сіңірген өлшеусіз еңбегіне, соның ішінде аймағымыз үшін ең маңызды деген екі-үш қана игілікті ісіне тоқталып өтсем.

Біріншіден, Бекеннің сонау 90-жылдардың тоқырауында Қызыл-



Бердібек Машбекұлы Шығысқа ұлы Абай ескерткішін орнатты

орда облысын жойылудан сақтап қалғанын біреу білсе, біреу білмейді. Дәл осындай сындарлы сәтте ол білек сыбана кірісіп, экономикалық аймақ ашып, Қызылорданың басқа өңірлерден кем емес екенін, салықтық базасы, оның перспективасы бар тиімді облыс екенін Үкімет алдында дәлелдеп, аймақты сақтап қалды.

Екіншіден, Бердібек Машбекұлы – «Көкарал» бөгетін салу арқылы Кіші Арал теңізін сақтап қалу мүмкіндігін тәжірибе жүзінде дәлелдеген азамат. Теңіз тартылып бара жатты, Кеңес одағы және шетел ғалымдары арасында теңізді бөлу мүмкін емес деген екі жақты пікірлер қызу талқыда болды. Сол уақыттары облыс әкімі Б.Сапарбаевтың бастамасымен және халықтың қолдауымен бүгінгі «Көкарал» бөгетінің қазығы қағылып, жергілікті құрылыс материалдарымен бөгет соғылып шықты. Кіші Арал теңізі жағына су жиналып, су деңгейі 42,0 метр абсолютті деңгейді ұстады. Иә, өкініштісі табиғаттың, жолдың жылдамдығының әсерінен су тоқынының қуатын топырақтан соққан бөгет ұстап тұра алмай бұзылды.

Бірақ Арал теңізін «Көкарал» бөгеті арқылы екіге бөліп, Кіші Арал теңізі арқылы аймақтың экологиялық-экономикалық жағдайын қалыпты ұстап қалуға болатыны дәлелденді, осы арқылы САРАТС жобасы сәтті жүзеге асты.

Бердібек Машбекұлы өмірде байсалды мінезімен өзінен кейінгі буынға ізгілікті жол көрсетіп, пайымды пікірлері мен ақыл-кеңестерін әрдайым айта жүретін. Парасат биігіндегі мемлекетшіл тұлғамыз өзін өте жақсы сыйластықта болдым. Ағалық қамқорлығын көрсетіп, бағыт-бағдар берді.

Сыр өңірінен шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ел ағалары Бекмырза Еламанов, Шәкізат Төребаев, Бәкберген Досманбетов, Алмағұл Божанова, Қожахмет Баймаханов, Нажмадин Мұсабаев, Биғали Қаюпов, Болатбек Пұсырманов, Айтбай Көшербаев, Салхадин Мырзабеков, Қылышбай Бисенов, Бақыт Нұртазаев, Болатбек Қуандықов, Нұрлыбек Жолдасбаев, Темірхан Кенжебаев және тағы басқа жергілікті жердің азаматтары Бердібек Машбекұлы мемлекеттік қызметке тартып, сол

кездегі әкімшілік мемлекеттік басқару институтының дамуына зор үлес қосты.

Бүгінгі күні Қызылорда облысының әкімі, туған інісін бизнес саласында қызмет атқарып жүрген жерінен оның болым-болмыс табиғатын танып, болжай біліп, мемлекеттік қызметке алып келген осы Бекен еді. Нұрлыбек Машбекұлының аймақтың экономикалық-экологиялық, мәдени дамуына жасап жатқан ерен еңбегін әрбір қызылордалық сезінуде. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың тарихи маңызы, қорытынды бесінші отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деген болатын. Елдік мүдде жолындағы қарымды қызметі үшін елдің алдында Мемлекет басшысынан мұндай жоғары бағаны бұған дейін ешқандай облыс әкімі алған емес. Оған мына халқымыз куә! Бекеннің ағалық табиғатынан тани білу қасиетінің өте жоғары деңгейде қалыптасқанын бүгінгі күні өмір дәлелдеуде.

Мен туған топырағым Сыр елінде 53 жыл бойы сан алуан салаларда еңбек етіп, ел-халықтың еңсесін тіктеуге өз үлесімді қосудан келемін десем, асыра айтқандығым болмас. Еңбек жолымда жоғары оқу орнының екі ректорымен және алты облыс әкімімен қызметтес болдым. Олармен тонның ішкі бауындай аралас-құраласта жүргенмін. Ал Бердібек Машбекұлымен қызметтес болған емеспін, десе де онымен керемет қарым-қатынаста, яғни түсіністік пен жақсы сыйластықта болдым.

Өлі есімде, Бердібек Машбекұлымен арадағы айшықты қарым-қатынасымыз оның Шығыс Қазақстан облысы әкімі қызметінде, ал мен Жаңақорған ауданының әкімі болған жылдары басталған еді.

Өздеріңізге мәлім, еліміздің сан алуан аймақтарында басшылық жүрсе де, туған жеріне деген сағынышы мен шапағаты ерекше болатын. Мен Бекеннің осы бір жүрек қалауы мен ілтипатын оның туған жерінде қызметте жүргенде сезініп, осының арқасында бірге тумасақ та, ағалы-інілі қарым-қатынаста болдық.

Бекен туған жеріне жылына бір рет, бұлмас екі рет арнайы ат басын бұратын. Аудан аумағында өтіп жататын іс-шараларға қатысып, жерлестерімен жүрек түйістіре амандасып, олардың жай-күйін сұрайтын. Осындай кездесулерде Бекен: «Сүлтеке, ауданды айшықтауға не жетіспей жатыр, қандай да бір көмек керек болар, қолдан келер көмектіміз берейін» деп, ағынан жарылатын. Осыған қатысты бір ғана деректі айтайын.

Жаңақорған кентінде бір емес,

үш бірдей мешіт бар болатын. Жасыратыны жоқ, әр ағайын мешітке руларының атауын беріп, өз ағайындарына ғана ілтипат жасап жүретін. Ал жалпы халық пен сырттан келген қонақтар барып, тағзым жасайтын орталық мешіт жоқ еді.

Кезекті бір іссапарға келгенінде көп көкейінде жүрген осы бір толғақты мәселені айтып, көмек беруіне өтініш жасадым. Сол сәтте Бекен бір топ аудан тұрғындарының көзіңше Амангелді Абдуллаев ағайға бұл мәселені жедел түрде шешу қажеттігін шегелеп тұрып тапсырған-ды. Содан көп ұзамай орталық мешіт болып қайтадан атау беріп іргетасы қаланды, бүгінде осы мешіт жалпы халық пен сырттан келген қонақтарға қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Тағы бір айтағым, Бекеннің жаратылысы, бітім-болмысы өте қарапайым болатын. Ол әлдебір әкімдер тәрізді кеудесін кергенін мен ғана емес, бүкіл қызылордалықтар көрген емес. Қайсыбір адамды болмасын өзінің ағайынныңдай құшақ жая қабылдап, жай-жапсарын сұраушы еді. Қолдан келер көмегін де аямайтын. Осындай жаратылысына байланысты мына бір деректі айтайын.

Ұмытпасам, 2013 жыл болуы керек. Біздер, яғни Бекмырза Еламанов, Бекеннің інісі Нұрлыбек Нәлібаев үшеуіміз кезекті еңбек демалысын пайдаланып, Шығыс Қазақстан облысына сапарлап барғанбыз. Мақсатымыз Бекене сәлем беру және Қатон-Қарағайда демалып қайту болатын.

Ұшақтан түскен бізді Бекеннің өзі құшақ жая күтіп алды. Мұндай жағдай болады деп ойлаған да емеспіз. Осы жерде тамақтандырып, арқа-жарқа әңгіме-дүкен құрып, жанымызға жауапты азаматтарды қосып, бізді Қатон-Қарағай ауданына шығарып салды.

Демалыс орнында он күн болып, қайтар жолда Бекен бізді тағы да кең құшағын жайып күтіп алды. Туған жерден келген бауырларына зор құрметпен жайылған кең дастарқан басында керемет отырыс жасады. Кешке ас мәзірі дайындалып, қызу әңгімелесіп, бір үйдің баласындай қызықты кеш өткізгеніміз бар. Ертеніңе Бекен қоярда-қоймай үйіне шақырып, Ғайша жеңгеміздің күреш шайын құмарлана ішіп, рахат сезімінде отырдық. Бекеннің осы бір қабылдауы мен шығарып салуынан оның туған жерге деген махаббаты мен ағайынға деген көңіл-күйінің ерекше екендігін аңғардым.

Ұзын сөздің қысқасы сол, Алматыға ұшуға шықтық. Бізді күтіп алған Бекен шығарып салуға да келді. Сонда Бекеннің күлімсіреп тұрып: «Туған жеріміңнің әкімі іздеп келіп тұрғанда мен неге күтіп алып, шығарып салмауым керек» деп айтқан жылы сөзі әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

Иә, ұлтына шын жаны ашитын тұлға халыққа қалтқысыз қызмет етуден бір шаршаған жоқ. Елі үшін жүрегін суырып беруге дайын екенін дәлелдеген Бердібек Машбекұлы секілді қашанда қазық қалпынан айнымайтын көрнекті мемлекет қайраткерлерін шынайы сыйлағын келіп тұратыны да сондықтан. Ғибратты өмір жолымда осындай асыл азаматпен аға-іні ретінде сыйлас болғанымыз әрдайым мақтан етемін.

Ендігіде ағамыз көре алмай кеткен өмірдің бар қызығын артында қалған Ғайша жеңгем ұрпағымен бірге көруін тілеймін. Бекеннің әулетінде тек жақсылық, қуаныш көп болсын. Ардақты, асыл азаматтың жарқын бейнесі, парасатты болмысы жадымызда мәңгі сақталды.

Әр адам білім мен ұлттық қасиеттің біртұтас үйлесімділігіне жеткен тұста ғана біз ұлт болып ұйысып, халық болып қалыптасатынымыз ақиқат. Біз осындай тұмсығы белек тұлғаларымызды, яғни алты Алаштың ардақты азаматы атанған Бердібек Машбекұлының өнегелі де өркенді өмір жолын бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі етуіміз керек.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ,
облыстық қоғамдық кеңес
торағасы,
техника ғылымдарының докторы

/// БРИФИНГ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРКЕЗ БАСТЫ НАЗАРДА

Өткен жылы өңір бюджетінің 57 пайызы әлеуметтік салаға жұмсалды. Инфрақұрылымды дамытуға, тұрғын үй және әлеуметтік нысандар құрылысына 202 млрд теңге бөлінді. Облыстың өз кірісі 93,3 млрд теңге болып бөкітілді. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бағытында атқарылған жұмыс жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов көңінен тоқталды.

Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су келді. Былтыр 329 шақырым жол жөнделді, яғни аймақтағы жолдың 95 пайызының сапасы жақсы деңгейде. Быыл 146 шақырым жол жөнделді, бұдан кейін көрсеткіш 96 пайызға жетпек.

– Барлық елді мекен 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Облыс халқының 83 пайызы табиғи газға қол жеткізді. Электр желілерінің тозу деңгейі 60,8 пайызға төмендеді. Мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5, Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауында 400 пәтерлік 10 үй салынды. Әлеуметтік жағынан осал топ

өкілдерін баспанамен қамтуда ауқымды жұмыс атқарылды. Быыл тағы 2444 пәтер пайдалануға беріледі. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында өткен жылы 41 ауылда 66 жоба жүзеге асырылды. «Дипломмен – ауылға!» жобасы аясында республикалық бюджеттен 194 маманға жеңілдетілген тұрғын үй несиесі берілді. Быыл 169 маманға бұл мақсатта 1,6 млрд теңге бөлініп отыр. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларында да ауқымды жобалар жүзеге асырылып, 26 әлеуметтік нысан пайдалануға берілді, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Д.Жаналинов 2025 жыл облысымыз үшін оң нәтижелермен қорытындыланғанын, экономиканың дамуын айқындайтын негізгі макрокөрсеткіштер

бойынша оң динамика қалыптасқанын атап өтті. Экономиканы әртараптандыру мақсатында 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба орындалды. Быыл 21 жобаны іске қосу жоспарланған.

Мемлекеттік қолдауды бизнес өкілдері де біркісідей сезініп отыр. 2025 жылдың 9 айында шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығару көлемі 30,5 пайызға артып, оның экономикадағы үлесі 20,5 пайызға жетті. Ал салықтық түсім 2,5 есе ұлғайды.

– Экономиканың әртүрлі салаларында 32 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайыздан 4,6 пайызға төмендеді. Аймағымызда 34 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тіркелген болса, оларды оңалту бағдарламасы аясында 35 454 техникалық оңалту құралы алынды. 2023-2027 жылдарға арналған жоспарға сәйкес былтыр 360 әлеуметтік инфрақұрылым объектісін бейімдеуден өткізу жоспарланып, жоспар толық орындалды.

Мүгедектігі бар адамдарға 67 инвентаризациялық қызмет көрсетеді. Оның 12-сі кресло-арбамен жүретін жандарға лайықталған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мониторинг тобының жұмысы нәтижесінде негізсіз көмек алушылар саны 30 пайызға азайды. Республикалық «Қандас» деректер қорының мәліметіне сәйкес 14 адамға қандас мәртебесі берілді. Оның көпшілігі Өзбекстан Республикасынан келген. Ал 3 адамның қандас мәртебесі ұзартылды, – деді Данияр Жаналинов.

Медицина саласында жаңадан көптеген нысан бой көтеріп, 12 нысан құрделі жөндеуден өтті. Осыдан кейін ғимараттардың тозу деңгейі 74,4 пайыздан 36,6 пайызға төмендеді. Көп ұзамай Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында 500 келушіге арналған қалалық емхана, ауысымына 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхана құрылысы басталады. Сонымен қатар Қызылорда қаласында 200 төсек-орынға арналған перинаталды орталықтың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

– Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратқандыруға жіті көңіл бөлініп отыр. Осы бағыттағы жұмысқа байланысты медициналық құрал-жабдықтардың жаратқандырылу деңгейі 2022 жылғы 83,2 пайыздан 90,2 пайызға жоғарылады. Бұл негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің жақсаруына да оң әсер етті. Атап айтқанда, халықтың медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі облыста 3,6 пайызға артты, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Сонымен қатар Д.Жаналинов мұның барлығы кезек күттірмейтін іс-шаралар екенін жеткізді. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандары тек көрініс үшін емес, халықтың игілігіне арналғанын айта келе, Сыр жұртшылығын жана ғимараттардың әлеуетін тиімді пайдалануға шақырды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Қызылорда қаласы №222 21 қаңтар 2026 жыл

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 199 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №199 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізіледі:
1-тармақ жана редакцияда жазылсын:
«1. 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілісін:
1) кірістер – 605 915 646,6 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 40 910 118,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 5 645 625,0 мың теңге;
2) шығындар – 595 574 125,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – -29 545 384,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 11 243 500,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 40 788 884,0 мың теңге;
4) қаржы активтері мен операциялар бойынша салды – 466 492,0 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 466 492,0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профицит) – 39 420 413,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – -39 420 413,4 мың теңге;
қарыздар түсімі – 11 243 500,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 54 865 521,4 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 4 201 608,0 мың теңге.»;
мынадай мазмұндағы 12-1 тармақпен толықтырылсын:
«12-1. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттерінен республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген, 2025 жылғы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің түсімдері 187 927,6 мың теңге сомасында көзделсін.»;
атапнан шешімнің 1, 4, 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жана редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыса енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы	М. Тлеумбетов
Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы « 21 » қаңтардағы № 222 шешімінің 1-қосымша	
Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы « 9 » желтоқсандағы № 199 шешімінің 1-қосымша	

2026 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы	
	Атауы	
	1. Кірістер	605 915 646,6
	Салықтық түсімдер	40 910 118,0
03	Әлеуметтік салық	40 254 672,0
1	Әлеуметтік салық	40 254 672,0
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	655 446,0
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	432 138,0
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	223 308,0
2	Салықтық емес түсімдер	5 645 625,0
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 353 588,0
1	Мемлекеттік қоспандырандардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	125 400,0
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікте жалға беруден түсетін кірістер	144 000,0
7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5 084 188,0
03	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 650,0
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 650,0
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	24 200,0
1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	24 200,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	266 187,0
		Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
		Түпкілікті нәтиже:			
		Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
		Нысаналы индикатор:			

Сырбойы

№19-20 (21094-21095) 7 ақпан, сенбі 2026 жыл

ҚҰЖАТ

7

	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу			
	Нысаналы индикатор:			
	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу, жобалар саны	1		
	Түпкілікті нәтиже:			
	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу, жобалар саны	1		
003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін басқармаға бөлінген бюджет қаржысын жыл ішінде толық және тиімді игеру, яғни мекеме қызметкерлерінің еңбекақыларын, бюджетке төленетін салықты және салықтық емес төлемдерді қолданыстағы заңға сәйкес уақытылы әрі толық көлемде аудару, қызметтік іссапарлар шығындарын өтеу, басқарма аппаратының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында басқарманы материалдық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету шығыстарын жүргізу. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Басқармаға қарасты «Арна» КММ-не төнгеріндегі 1 263,23 шақырым 227 су шаруашылығы нысандары алынды. Оның ішінде 4 су қоймасы (Көлтоған, Қыраш, Манат, Құмсай) ұзындығы 8,77 шақырым, ұзындығы 1151,87 шақырым құрайтын 194 канал, 92,59 шақырым 12 су қашыртықтар және 14 қорғаныс бөгеттері 7,78 шақырым қабылданды. Осы орайда, мекеме төнгеріндегі су шаруашылығы нысандарының 80% жуығының техникалық жай күйінің төмендігіне байланысты қалпына келтіру немесе жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүзеге асыруды қажет етеді			
	Түпкілікті нәтиже:			
	Облыс аумағының экологиялық ахуалы жақсарып, қоршаған ортаға оң әсерін тигізуге мүмкіндік берелі, халықтың қыстық мал асығын дайындауға қол көмегін тигізетін болады	100%	100%	100%
005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін бөлінген бюджет қаржысын жыл ішінде толық және тиімді игеру, яғни мекеме қызметкерлерінің еңбекақыларын, бюджетке төленетін салықтық және салықтық емес төлемдерді қолданыстағы заңға сәйкес уақытылы әрі толық көлемде аудару, қызметтік іссапарлар шығындарын өтеу, мемлекеттік мекеменің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында басқарманы материалдық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету шығыстарын жүргізу. Сонымен қатар, механикалық сөбу 6,3 га, орман отарына 3,2 га, өрт жоқтарын жанадан жүргізу 498 га, өрт жоқтарына күтім жасау 6005 га, уақытша тұқымбақ ұйымдастыру 102 га құрайды			
	Түпкілікті нәтиже:			
	Облыс аумағының ормандылығын ұлғайту, елді мекендерді қояндандыру, жасыл аймақтарды құру және кеңейту, ағаш түрлерін плантациялық өсіруді дамыту, орман ресурстарын ұтымды пайдалануда оң нәтижелерге қол жеткізіледі	100%	100%	100%
006	Жануарлар дүниесін қорғау	94 394,0	95 800,0	97 104,0
	Нысаналы индикатор:			
	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау мен олардың жолын кесу, облыс аумағында заңсыз анышлық, заңсыз балық аулаумен күресу шараларын күшейту, заңсыздықтарды болдырмау, алдын алу және жануарлар дүниесін қорғау	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу	100%	100%	100%
032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары			
034	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы аясында Қызылорда облысы бойынша 2026 жылы 1426 тонна балық өсіру индикативті көрсеткіштерді орындау міндеттелген. Аталған көрсеткіштерді орындау мақсатында балық өсіруші шаруашылықтарды ынталандыру (субсидиялау арқылы) әрі балық шаруашылығын дамыту жүргізіледі. Бұл қаржы негізінен өңірмізде тауарлы балық шаруашылығымен айналысатын шаруашылық құрылымдары өсіріп сауда жасалары арқылы өткізетін 60,0 тонна тұқы тұқымдас балық түрлері мен олардың бұдан-дарын өсіру кезінде пайдаланылатын азықты сатып алуға жұмсалатын шығындарды ішпанаара арзандатуға жұмсалды деп көзделуде			
	Түпкілікті нәтиже:			
	Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы аясында Қызылорда облысы бойынша 2030 жылға дейін 16 000 тонна балық өсіру индикативті көрсеткіштерді орындауына ықпал етіледі. Өңірде балық шаруашылығы өнімдерінің көлемі өседі, балық өнімдерінің экспорттың көлемі артады, қосымша жұмыс орындары ашылады	100%	100%	100%
114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері			
719	Облыстың ветеринария басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру			
	Нысаналы индикатор:			
	50 (тасымал)	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жостар бойынша 1713,9 мың бас (601,5 мың бас МҚ, 1061,0 мың бас уақ, 49,6 мың бас түіе, 0,1 мың бас шошақ, 1,7 мың бас ит) жануарлардан алынған қан сынамалары ветеринариялық зертханаларда диагностикалық тексеру нәтижесіне сәйкес анықталған ауру жануарлардың иелеріне өтем ақы төлеу	100%	100%	100%
012	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу			
	Нысаналы индикатор:			
	6 түрлі ауру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының алдын алу мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларына 836,9 мың доза алдын ала егілетін болады	100%	100%	100%
013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу			
	Нысаналы индикатор:			
	6 іс-шара	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстары 367,6 мың басқа жүргізіліп, дерекқор базасына енгізіледі	100%	100%	100%
014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу			
	Нысаналы индикатор:			
	12 түрлі ауруға егу, 2 түрлі ауруға диагностикалық зерттеге қан үлгілерін алып тасымалдау	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жануарлардың 12 түрлі аса қауіпті ауруларының алдын алу мақсатында 6235,7 мың доза ветеринариялық препараттар алдын ала егіліп, диагностикалық зерттеу үшін 1742,4 мың үлгі қан алынып, тасымалданды	100%	100%	100%

015	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары			
	Нысаналы индикатор:			
	73 мал қорын сатып алу	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	ауылдық округтер мал өлекселері мен биологиялық қалдықтарды тастайтын типтік жобадарғы мал қорымдарымен қамтамасыз етіледі	100%	100%	100%
028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	7 тасымал	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Облыс көлемінде энзоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында республикалық бюджет есебінен бөлінген 6235,7 мың доза ветеринариялық препараттар облысқа тасымалданып болады	100%	100%	100%
030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аударлардың (облыстық манызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру			
	Нысаналы индикатор:			
	6 препарат	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жануарлардың 6 түрлі энзоотиялық ауруларының алдын алу мақсатында 836,9 мың доза ветеринариялық препараттар сатып алынады	100%	100%	100%
031	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аударлардың (облыстық манызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	55 982,0	58 781,0	61 724,0
	Нысаналы индикатор:			
	2 мемлекеттік сатып алу	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге қажетті 459,1 мың дана құлақ жапсырмалары сатып алынады	100%	100%	100%
035	Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру			
	Нысаналы индикатор:			
	1843 бас итті сәйкестендіру 638 бас мысықтарды сәйкестендіру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру	100%	100%	100%
040	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкерлердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу			
	Нысаналы индикатор:			
	27 қолқ сатып алу	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Арнайы автокөлік алу	100%	100%	100%
741	Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру			
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Жоғары репродукциялы тұқымдарды субсидиялау, тонна	1237,7	1 230,0	1 322,0
	Түпкілікті нәтиже:			
	Элиталық тұқымдардың үлесін арттыру, %	5,3	7,3	9,7
005	Сана зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофогтардың) құнын субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Пестицидтерді субсидиялау, литр	82,6	69,5	90,1
	Түпкілікті нәтиже:			
	егістік алқаптарды химиялық өңдеу, %	100	100	100
008	Басым дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Басым дақылдарды субсидиялау, тонна	4,3	4,8	5,3
	Түпкілікті нәтиже:			
	егіс алқаптарын әртараптандыру	5,3	5,5	5,8
014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр	2 985,9	2 966,3	3 037,7
	Түпкілікті нәтиже:			
	Өнім көлемін арттыру, млрд. тенге	234,8	251,7	264,0
018	Пестицидтерді (уаы химикаттарды) залалсыздандыру			
	Нысаналы индикатор:			
	пестицидтерден босаған ыдыстарды залалсыздандыру, дана	1 890,0	1 890,0	1 890,0
	Түпкілікті нәтиже:			
	залалсыздандыру шараларын толық қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар			
	Нысаналы индикатор:			
	Зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары, га	55,3	55,3	55,3
	Түпкілікті нәтиже:			
	Зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
043	Суарудың су үнемдейтін технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	су үнемдеу технологияларын пайдаланатын алқаптардың көлемін арттыру, га	24 900,0	28 660,0	33 497,0
	Түпкілікті нәтиже:			
	су үнемдеу технологияларын пайдалануды қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өндігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелiorативтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу			
	Нысаналы индикатор:			
	ауыл шаруашылығы техникаларын құжаттандыру, дана	2 714,0	2 714,0	2 714,0
	Түпкілікті нәтиже:			
	ауыл шаруашылығы техникаларын құжаттандыруды қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуды кредиттеу, сондай-ақ лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Субсидияланатын жобалар саны, бірлік	20	30	30
	Түпкілікті нәтиже:			
	субсидияланаты жобалардың қажеттілігін өтеу, %	100,0	100,0	100,0
064	Жер қатынастарын реттеу			
	Нысаналы индикатор:			
	суармалы жерлерді түгендеу, жоба саны	1	1	
	Түпкілікті нәтиже:			
	суармалы жерлерді түгендеуді қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
087	Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ақымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру			
	Нысаналы индикатор:			
	ауыл халқы микрокредиттеу, бірлік	305,0		
	Түпкілікті нәтиже:			
	микрокредиттеуді қамтамасыз ету, %	100,0		
092	Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру			
	Нысаналы индикатор:			
	Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру, саны	3		
	Түпкілікті нәтиже:			
	жобаларды кредиттеуді қамтамасыз ету, %	100,0		
288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылыс басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту			
	Нысаналы индикатор:			
	Аумақтық қорғаныс бригадасын материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Материалдық-техникалық базасын нығайту	100%	100%	100%
024	Спорт объектілерін дамыту			
	Нысаналы индикатор:			
	Әнриппаттарда жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%

	ауыл (облыс)	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданып азаматтар санын жалпы халық санының 50% - на дейін жеткізу	44%	46%	48%
038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	қала (облыс)	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Елді мекендері алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту	5,8	6,0	6,2
113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер			
	Нысаналы индикатор:			
	қала (облыс)	95,3%	96,4%	97,3%
	ауыл (облыс)	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр	720,1	729,4	738,7
114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	қала (облыс)	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданып азаматтар санын жалпы халықтың 50% - на дейін жеткізу	44%	46%	48%
	Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр	720,1	729,4	738,7
268	Жанғыртылған мәдениет объектілерінің саны, оның ішінде шағалай аудандарда, бірлік	2		
001	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы			
	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
002	Көлік инфрақұрылымын дамыту			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	Қала	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жасы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру	96,0	96,5	97,5
003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	Қала	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жасы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру	96,0	96,5	97,5
005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалаларлық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	96,0	96,5	97,5
	Қала	95,3%	96,4%	97,3%
	Ауыл	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету, бағыт	10,0	10,0	10,0
025	Областық автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	Қала	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жасы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру	96,0	96,5	97,5
113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	Қала	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жасы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру	96,0	96,5	97,5
114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері			
	Нысаналы индикатор:			
	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі	95,3%	96,4%	97,3%
	Қала	70,1%	71,4%	72,6%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жасы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру	93,5	95,0	96,0
265	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
011	Кәсіпкерлік қызметті қолдау			
	Нысаналы индикатор:			
	Кәсіпкерлікті дамыту бойынша шаралар өткізу, саны	2	2	2
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жоспарланған шаралардың өткізілуін қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
014	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау			
	Нысаналы индикатор:			
	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, жоба саны	40,0	50,0	60,0
	Түпкілікті нәтиже:			
	Кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларын қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
015	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру			
	Нысаналы индикатор:			
	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру, жобалар саны	95	100	105
	Түпкілікті нәтиже:			
	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіруді қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру			
	Нысаналы индикатор:			
	Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру, жоба саны	15	15	16
	Түпкілікті нәтиже:			
	Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беруді қамтамасыз ету, %	100,0	100,0	100,0
724	Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
743	Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нысаналы индикатор:			
	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%
008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету			
	Нысаналы индикатор:			
	Аймақты цифрландыру, ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және инновациялық жөкеуіні қолдау	100%	100%	100%
	Түпкілікті нәтиже:			
	Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтіп-ұстау шығындары	100%	100%	100%



АРМЫСЫҢ, АҚ ОЛИМПИАДА!



Ұлттық құрама спорттың 10 түрінен 58 медаль жиынтығы бойынша сынға түседі. Олардың қатарында биатлон, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғы спорты, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарыстары, шаңғымен трамплиннен секіру, фристайл-могул және фристайл-акробатика бар.

Дүбірлі доданың жарыстар бағдарламасына бірқатар өзгеріс енгізілген. Нақты нұсқа 2023 жылдың 20 маусымында жарияланған. Онда барлығы 116 жүлде жиынтығы сарапқа салынады деп жоспарланып отыр. Бұл 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасынан 7 медальға артық.

Жарыс бағдарламасына алғаш рет ски-альпинизм сайысы енгізілген. Мамандар оны табиғаттың сұлулығымен тілдесуге

1-бет

мүмкіндік беретін, адреналинге толы әрі төзімділікті талап ететін ерекше спорт түрі ретінде бағалайды. Олимпиада аясында жарыстар ерлер мен әйелдер спринті, аралас эстафета секілді үш бағыт бойынша өтеді.

Елімізде қысқы спорт түрлері негізінен солтүстік және шығыс өңірлерде жаксы дамыған. Дегенмен Олимпиадаға қатал

климаты мен қалың қары бар өңірлермен қатар, қары аз оңтүстік аймақтардан да спортшылар қатыспақ. Өңірлер бойынша Италиядағы қысқы Олимпиадаға ең көп спортшыны Алматы қаласы мен Акмола облысы ұсынып отыр. Оңтүстік астанадан Миланға 4 спорт түрінен 6 спортшы аттанады. Ал Акмоладан 2 спорт түрінен 6

спортшы барады. Одан кейінгі орындарға Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары, сондай-ақ Астана және Шымкент қалалары жайғасқан. Шығыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласынан 1 спорт түрінен 4 спортшыдан қатысса, Астана қаласынан 3 спорт түрінен 4 спортшы, Алматы облысынан 4 спортшы 2 спорт түрінен жарыс жолына шығады. Сондай-ақ Павлодар облысынан 3 (3 спорт түрі), Қостанай облысынан 2 (1 спорт түрі), Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Абай облыстарынан бір-бірден (1 спорт түрі) спортшы ел намысын қорғайды.

Мемлекет тарапынан Олимпиада жүлдегерлеріне қомақты сыйақы қарастырылған. Атап айтқанда, чемпион атанған үздіктерге 250 мың доллар төленсе, күміс 150, қола 75 мың долларға бағаланып отыр. Тіпті бесінші орынға дейін ынталандыру сыйақысы қарастырылған.

Айта кетейік, XXV қысқы Олимпиа ойындары 6-22 ақпан күндері өтеді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – ҰРПАҚҚА АМАНАТ



Өмір – әр адамға әркімге сынақпен келетін күрделі жол. Сол соңнақтағы қиындықтарға мойымай, маңдай тері, табандылығы мен адал еңбегі арқылы мықты азамат болып қалыптасу – екінің біріне бұйыра бермейтін қасиет. Осындай тағдырдың талай бұралаңынан өтіп, адамдық бүйігін таймай, елге қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған әкеміз – Сабет Бектурғанұлы Дәрібаев.

Сабет Дәрібаев 1941 жылы 15 шілдеде Қарақалпақстан Республикасының Қоңырат қаласында дүниеге келген. Ол Ташкент мемлекеттік медицина институтының санитарлық-гигиена факультетін үздік бітіріп, жоғары санатты санитарлық дәрігер мамандығын игерді. Еңбек жолын денсаулық сақтау саласындағы жауапты қызметтерден бастап, ұзақ жылдар бойы халық игілігі үшін аянбай еңбек етті.

1965-1972 жылдары Жалағаш аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері болып қызмет атқарды.

1973-1981 жылдары Қарақалпақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде ұйымдастыру-әдістемелік бөлімін басқарып, Нөкіс қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болды.

1981-1984 жылдары республикалық СЭС-тің санитарлық-гигиена бөлімін басқарды, жоғары санаттағы дәрігер-гигиенист.

1984-1986 жылдары Қарақалпақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің бас эпидемиологі, министр орынбасары болды.

1986 жылы еңбегі еленіп, «КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сол жылы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен «Өзбекстан Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды, құзырындағы Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар орталығының аспиранты болды. Кейін Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде ғылыми және практикалық жұмыстармен айналысып, ұзақ жылдар бойы республикалық деңгейде жауапты қызметтер атқарды. Ол бірнеше ғылыми еңбек пен әдістемелік құралдардың авторы ретінде танылды.

1986-2001 жылдары РесСЭС-та тағам гигиенасы бөлімін басқарды.

2001 жылы 60 жасында зейнетке шығып, 2002 жылы Қазақстан Республикасының Қызылорда қаласына көшіп келді. 2002-2005 жылдар аралығында Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінде коммуналдық және еңбек гигиенасы бөлімдері бастығы қызметін атқарды. 2004 жылы 63 жасында Қазақстан Республикасының зейнеткері атанды. 2005-2014 жылдары облыстық сараптама орталығының дәрігер-гигиенисі болды.

2005 жылы 28 сәуір мен 30 қарашада Қазақстан Республикасы Президенті қабылдауында болып, ана мен бала денсаулығын қалыптастыру орталығын ашу туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс жүзеге асты. Сол жылы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесі үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

2005 жылы облыста ардагерлер кеңесі жұмысын жаңа үлгіде жасақтап, ардагерлердің әлеуметтік қартасын компьютерге енгізу мен жеке ғимаратқа орналастыру бойынша алғашқы семинар-кеңес облыстық СЭС-тің ғимаратында өткізіліп, тәжірибе алмасу орталығы болып бекітілді.

2010 жылы Қазақстан Республикасының «Үздік адамдар энциклопедиясына» енген. Жоғары санатты дәрігер, КСРО және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының үздігі. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығының (Қызылорда қаласы) гигиена дәрігері, 168 тұтынушы кооперативінің ұйымдастырушысы, олар әлеуметтік тұрғын үй мәселелерімен айналысады. Ардагерлер кенесінің төрағасы ретінде оның бастамасымен ардагерлер бөлмелері ұйымдастырылған, қажетті жабыдықтармен жарақталған. 20-дан астам ғылыми мақаланың авторы, облыс әкімінің және Қазақстан Республикасы ардагерлерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Сабет Бектурғанұлы тек білікті маман ғана емес, адамгершілігі мол, сабырлы, әділ, ел мен отбасыға адал жан болды. Өнегелі өмір жолын, жарқын бейнесін, шәкірттері мен ұрпағына өшпес із қалдырды.

Әкеміз өз өмір жолын тек ісімен ғана емес, жүрек түкпірінен туған өлең жолдарымен де бейнелей білді. Ол қаламын қолға алған сәттерде өткен күндерге үйіліп, адам, тағдыр, өмір жайлы ойларын шынайы жеткізді. Төмендегі өлең жолдары – оның кітабынан алынған жан дүниесінің айнасы.

Таңырақайым, тандамамын өмірге
Таңсәріде арайлап атқан әр күнге.
Тамаша ғой, ұқсайды ғой бұл өмір
Жайқалып өскен жазықтағы ақ гүлге.

Адам деген – біле білсек, табиғаттың бір гүлі,
Бұл жалғанда саналуы ғой, сондықтан да өмірі.
Сыйламасақ табиғаттың бізге берген ғұмырын,
Солады өмір гүлдей болып, ол ақиқат, бір күні.

Адам деген нәзік жан ғой, табиғаттай гүлдеген,
Жарын тауып, ұрпақ сүйіп, еңбектеніп тер төккен.
Гүлдей болып барлық уақыт, күн көзінен нәр алып,
Еңбектеніп өмір бойы, айналаға нұр сепкен.

Сабет Бектурғанұлы 2026 жылдың 30 қаңтарында өмірден өтті. Зайыбы Шынармен 59 жыл бір-біріне адал жар болып, махаббат пен сыйластыққа өмір кешті. Ізінен ерген екі қызы, бір ұлы, сегіз немересі, төрт шөбересі қалды.

Әкеміз, атамыз, ардақты бабамыз бұл өмірден адал еңбегімен, таза ниетімен өтті. Оның сабырлы болмысы, адамгершілігі мен өмірге деген парасаты балаларына ғана емес, немере мен шөберелеріне де өшпес өнеге болып қалды. Жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталды. Соның дәлелі ретінде өзінен кейін балаларына мұра етіп кітаптар жазып, немерелеріне бота емес, бата қалдырды. Сүйікті адал жарына жылы лебізін, жылдар өте жоғалмаған сыйластығын кітап беттеріне жазып кетті.

Әкеге деген махаббат – сөзбен өлшенбейтін сезім. Ол тірі кезінде көп айтыла бермейді, бірақ жүректің ең тереңінде тұрады. Әкенің рухы – бізге қалған аманат, оның өмір бойы төккен маңдай тері, адал еңбегі, берген тәрбиесі. Оның рухы баласының қасында: әр қадамында, әр шешімінде, әр дұғасында бірге, дәуіс естілмесе де, ақылы жүрекке жаңғырып тұрады, өмірден тыс де жүрегімізде мәңгі тірі.

Асқар тау әке, рухыңыз шат, жаныңыз жәннатта болғай.

Дәрібаевтар әулеті

ПАРЫЗҒА АДАЛДЫҚ

Осы мақаланы жазу көптен ойымда жүр еді. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, сәті енді түсті.

Қали ізімнен ерген бауырым, інілерімнен бір сүйем де кем емес. Онымен кез келген мәселеде сырласып, шер тарқата аламын. Ақкөкірек, ойы, пейілі акжелең, акжарқын, аңқылдаған, ақ пейілден жаралған жан. Білімі, қабілет-қарымы, парасат-пайымы, болмыс-бітімі бөлек. Қазақы жолмен айтсам, нағыз жанашыр, адал іні.

Қалимен ақтарыла әңгімелесу мен үшін бір ғанибет. Қай сала, қандай тақырып болсын, ойы терең, сөзі жүйелі, сөз саптауы шебер, сөйлемі өрнекті. Сана-сында сапалы қорытылған ойды тілге сол қалпында салып, тыңдаушыға көркемдігін бұзбай жеткізу оған тән. Әсірелеу, еліктеу жоқ. Құдды сөз өнерін зерттеп, зерделеп алған жан дерсін. Дуалы ауыздан шыққан киелі сөзді өмірдің мән-мағынасы екенін ұғынғандай.

Әңгіме жүйесін бұзбайды, тыңдауды да менгерген, ой үстінде отырады, ой үстінде жүреді, сан қырлы. Сұлу сөзді сыршыл әңгімемен баяндай алады. Қали Әбдіұлы Омаров – айтары көп жан.

Ізетті інімнің жаныма жақындығын байқап мен де сыртқа теппедім, өзіме жақын ұстадым, бауырыма тарттым. Жанаңдану заманында әр қаламгер өз ойын, жан сырын мінезімен жазады. «Парызға адалдық» атауымен «Жиенай» баспасынан шыққан кітабы Қалиды көп қырынан көрсетсе керек.

Сасқанға сабыр танытып, асқақтағанды тәубесіне, сабасына түсіретін ағамыз Әбді асқақалдан жаралған Қали ініміз бүгін қаламы қолынан түспейтін, сөзі дәл мірдің оғындай дәлелді, дәйекті, қарымды ғалым-жазушы.

Азаматтың ізгілігі талмай ғылым, жаңалық ізденуінде ғой. Өзі тарихшы, өзі үлкен ғалым, өзі публицист. Өбден зерттеп, нақтылап, уәлі ауыздан оқ бағасын алып жазады. Ең маңыздысы, Қалидың өз стилі қалыптасқан. Сөзі салмақты, ойы орнықты, ұлт жанашыры, парасатты, бүгін бітім. Елдің де, мемлекеттің де кез келген марапат биігіне ие үлгі боларлық лайықты жан.

Жазғандарың ел мәртебесін, ұлт мерейін көтере берсін! Біздің Сыр елінде осындай ғалым-жазушы, ұлт жанашыры азамат бар, мақтан тұтайық.

Бағдат КӘРІБӨЗҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІНЕ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Байланыс телефоны: +7 (7242) 60-54-08, 60-54-07.

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Өтінімдерді беру орны: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2026 жылдың «1» наурызынан бастап 2026 жылдың «15» наурыз аралығы (жұмыс күндері).

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 2026 жылдың «1» наурызы сағат 09:00.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 2026 жылдың «15» наурызы сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарының жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдарды;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;

- зейнеткерлерді және зейнетталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);

- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- аз қамтылған, қоппаланы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградаланған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградалған қоппаланы аналарды;

- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға,

жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлқытағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуға және әлеуметтік бейімделуде қиындатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;

- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-тұндырлар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері);

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына герматриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе ақпараттарды талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)

Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38